- Дүкеннен әкелген тамақты қаншалықты жылдам пісіріп жесеңіз, соншалықты жақсы. Сондықтан дүкеннен азық-түлікті күнделіктісін күнде сатып әкелген жөн;
- Көкөністер мен жемістерді тек жердің алдында тураңыз;
- Көкөністер мен жармаларды суға салып қоймаңыз;
- Көкөністерді ұзақ қайнатқаннан және пісіргеннен гөрі аз қуырған жақсы;
- Міндетті түрде түрлі түсті шикі көкөністер мен жемістер жеңіз.

Егер балаңыздың тәбеті жақсы болса және күнде көкөніс пен жеміс-жидек жесе, оған қосымша дәруменді препарат берудің қажеті жоқ. Егер дәрумен бала ағзасына дұрыс сіңбеуі мүмкін деп ойлап, күмәндансаңыз, алдымен дәрігерге көрсетіп, тексерістен өтіңіз. Ал егер балаңыздың тәбеті нашар болса немесе көкөністер мен жемістер жемесе, бірден қосымша дәруменді препарат бермей, алдымен тәбет ашудың жолдарын іздеңіз. Ол туралы да дәрігерден кеңес алсаңыз болады. Себебі балаға тамақпен келген дәрумен аса қажет екенін ұмытпаңыз.



Баяндама

«Балабақша мен ата-ананың бірлігі»

Тәрбиеші: Жұмабай Қ.Ж

Балабақша мен ата-ананың бірлігі

Балабақша балалары болашақ иесі болғандықтан дүниежүзілік мәдениетті танитын, өзінің төл мәдениетін білетін, сыйлайтын, рухани дүниесі бай, саналы ойлайтын деңгейі жоғары білікті болуы міндетті. Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесін, мәдениетін жасөспірімдер бойында саналы сіңіріп, қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, мінез-құлқын, өмірге деген көзқарасын, бағытын дұрыс қалыптастыру тәрбиеге байланысты.

Мектепке дейінгі мекемелерде адамгершілік тәрбиесі тәрбиелеу және білім беру үрдісінде әр түрлі іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырылады. Олармен ойынның әр түрін ұйымдастыра отырып, бір-біріне деген қайырымдылық, мейірімділік, жанашырлық, достық, жолдастық сезімдерді тәрбиелеуге болады. Ал балаларды қоршаған ортамен таныстыру, тіл дамыту, табиғатпен таныстыру, бейнелеу өнері сабақтарында өлі-тірі табиғатқа деген сүйіспеншілік, үлкендердің еңбегіне қызығу мен сыйластық сияқты адамгершілік сапалары қалыптастырылады.

Ата-аналардың балалармен қарым-қатынасында туындайтын қиындықтар, олардың балалардың даму ерекшеліктерін ескермеуінде. Балалар тек өз мүмкіндігінше игерген қимыл іс-әрекетіне байланысты өз-өзіне қызмет көрсетеді.

Сондықтан балалардың жас шамасына байланысты даму деңгейлерін білуі керек.

Туған күнінен 3 жасқа дейінгі балаларда физикалық және психикалық дамуы. Ерте балалық шақ кезеңі екі этапқа бөлінеді: туғаннан 1 жасқа дейін және 1 жастан 3 жасқа дейін.

Сәби шақтың алғашқы жылында сезім органдары тез дамып, қарым-қатынас ерекшелігі байқалады, 1 айдан бастап сәби өзінің айналасындағы адамдарды тани бастайды. Есту, көру арқылы үлкен адамдарға өзінің «күлу», «қимыл жасауы» арқылы реакция береді. Бұндай реакциялар баланың

3 айында пайда болады. Қолдарының көмегімен айналасындағы заттарды ұстай бастайды.

6 айлық даму деңгейінде, ол заттарды қолына ұстап, оған көңіл бөліп оны тістеу, лақтыру арқылы зерттей бастайды. Сонымен қатар 6 айлығында етбетінен өз бетінше жата алады, отырады, сүйемелдеу арқылы аяғын тік басып тұрып, жүре бастайды. Ол айналасындағы қоршаған заттарды танып, біліп, қасындағы адамнаң қарым-қатынасын түсінеді.

Жыл аяғында, 1 жасқа толған кезде заттарды өз еркімен қолданып, үлкен адамдармен тепе-тең қарым-қатынасқа түседі. Заттардың қасиетін түсіне бастайды, бір немесе бірнеше сөз тіркестерін пайдаланады.

1 жастан 3 жасқа дейінгі уақыт аралығында жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру сияқты қимылдарды игереді. Үлкен адамдарға еліктей отыра өзінің қимыл-қозғалысын жүйелейді. Сондықтан оның даму деңгейіне көңіл бөліп, бағыт берген жөн. «Біз допты домалатамыз, допты алдына ұста, енді оны бар күшінмен итер, менің допты қалай итергеніме қара».

Бала затты зерттей отырып онымен қалай ойнап кеткенін өзі де байқамай қалады. Ол бірінші ыдыстарды ашып – жауып үйренеді, одан кейін оны басқа заттармен салыстырады және оның ішіне заттар салу арқылы пайдалануға болатынын түсінеді. Ерте сәбилік шақ сонында ол өзін жеке субъекті ретінде қабылдап, өзің жеке тұлға ретінде көрсетеді.

3 жастан бастап мектеп жасына дейінгі жас, яғни 3 жас кезеңінің тоқырауы басталады. Ерте сәбилік шаққа қарағанда баланың әлеуметтік орны өзгереді, енді оның жасына сай кейбір қарапайым өздігінен атқаратын міндеттер пайда болып, үлкендерден тәуелділігі азаяды.

Бала дамуының ерекшеліктері оған және іс - әрекет түрлерінен, әсіресе сюжетті – рөлдік ойындардан көрінеді. Бала өзімен қатар басқа балалармен қарым-қатынас жасай бастайды. Бұл кездегі баланың жетекші іс-әрекеті – ойын. Ойынның арқасында балада сапалы психологиялық өзгерістер пайда болады, онда үйрену әрекетінің негізі қаланады және бір-бірімен қарым-

қатынасы дамытылады, ойын үстінде өздерін ұстай білуі, басқаларға өзін таныта білу қажеттілігі туындайды.

Ойын кезінде бала кейбір заттарды басқа нәрсемен ауыстыра алатынын көруге болады (зат, жануар, басқа адам ретінде өзін қолдана алды). Ойын бұл кезде символикалық (таңбалық) түрде өтеді. Баланың символды қолдануы – психикасының дамуының елеулі сәті. Бір жағынан қиял көрінісі болса, екінші жағынан әлеуметтік таңбаларды игеруді қамтамасыз етеді.

4-5 жас шамасында көру, есту, тері – қимыл сезгіштігі едәуір жоғарылайды. Көргіштігі артып, түстерді ажыратып, фонематикалық және жоғары дыбыстарды естуі дамиды.

4-7 жас аралығында көрнекі-бейнелі ойлау пайда болады. Ойлау процесінде міндетті түрде әрекет жасамай ол қадылдауы мен елестетуінің даму негізінде бейнелі түрде ойлай алады.

1. Ойын барысында баланың ырықты зейіні мен ырықты есі дамиды, оның өзі тілдің дамуына (ойын барысында өз тілегін түсіндіре білуі) септігін тигізеді. Ақыл-ойдың дамуына (жалпылау, сөздің жалпылама мағынасын қолдану) – ойша әрекетті нақты іс-әрекетке айналдыру.

2. Ойынмен қатар бала психологиясының дамуында іс-әрекеттің тағы бір түрі – жемісті, өнімді еңбек ету іс-әрекеті атқарылады. Оған сурет салу, аппликация, мүсіндеу, конструкциялау жатады. Бала салған сурет схемасы түрде болғанымен, одан баланың қабылдауы мен ойлауына тән белгілер көрінеді.

3. Оқу міндеті- қандайда болмасын бір жаңалыққа үйренуге пайда болғанда ғана қалыптасады, осыған байланысты балалар үлкендер нұсқауын зейін қоя тындап, орындайды, өзін-өзі бақылауы пайда болады. Оқу әрекеті бала психикасына, оның қабылдау, зейін, ес, ойлау үрдістерінің ырықтылығы мен басқарылуына талаптар қойын, тиісті психологиялық қасиеттердің қалыптасуына әкеледі. Бала психологиясының дамуы мен қалыптасуына сенсорлық қабілеттер мен таным процестерінің қалыптасуы үлкен әсер етеді.

Ойлау формалары: ұғым, пікір, ой қорытындысы.

Ерте сәби шақта іс-әрекет кезінде сөйлеу орын алса, ал енді алдын-ала сөйлеуі қалыптасады. Алдымен бала іс-әрекетін сөйлеу арқылы жоспарлай алады, кейін істелетін жұмысты тек ауызша істей алуға келеді. Бұның өзі баланың логикалы (жүйелі) ойлай алуына әкеледі.

Бала қабылдауының ерекшеліктеріне тоқтала кетейік. Біз сенсорлық эталондар бала қабылдауын тәртіпке келтіріп, қабылдауға жеңілдік тугызады.

Мектеп жасына дейінгілер уақытты және кеңістікті қабылдауда көп қиналады «Оң қол», «Сол қол» дегенді шатыстырады, фигуралардың суретін салуда көлем, бұрыш, енінің өзара кеңістіктегі арақатынасын ажырату қиынға түседі.

Зейін тұрақтылығы.

Бөбектерде 30-40 мин, 6-7 жаста 1-1,5 сағат. Арнайы есте қалдыру аз тек нақты бейнелерді суретке түсіргендей есте сақтайды.

Қиял.

Ойын негізінде ертегіге қызығушылық қабілетін қалыптастыру.

Жеке басының қалыптасуы.

«Мен» ұғымы қалыптасады. Балалармен қарым-қатынасы ойын үстінде, егер үлкендермен қатынасы жақсы болса тілін алады.

1)Істің не ойынның қызықты болуы. 2)Кейде қызықтасада басқалармен қатар істеуге талпынады. 3)Өзін басқалар алдында азамат етіп көрсеткісі келеді.

Отбасының да, балабақшаның да мақсат – мүддесі біреу – ол болашақ ұрпақ тәрбиесі. Болашақ азамат тәрбиеленетін алғашқы ұя – отбасы, ата – ана құшағы. Жас сәбидің алғашқы еститіні шешесінің мейірбан сөзі; көретіні

анасының аялы алақаны. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» немесе «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» дегенде осының айғағы. Яғни, ата – анасының өнегесі, өнері балаға үлгі, бала үйде қандай игі істерге тәрбиеленсе, ұядан ұшқандада сол өнеге - өсиет оған сарқылмас қазына болары сөзсіз.

«Жаңа жылдық ертегі». Ата-аналармен бірге балаларға арналған қойылым немесе шағын сахналық көрініс ұйымдастыру.



Баяндама
«Тәрбие тал бесіктен»

Тәрбиешілер: Саркулова Д.Т

Тәрбие тал бесіктен басталады. Әке мейірімінен құрышын қандырып, ана сүтінен нәр алып, «Әке ұлағаты» мен «Ана тағылымын» көріп өскен ұрпақ елін, жерін, халқын сүйетін, елінің болашағын, халқының қамын ойлайтын, жоғын жоқтайтын, парасатты, ой-өрісі кең, дүниетанымы жоғары, жан-жақты, білімді де білікті, ұлтжанды тұлға болып қалыптасады.

Қазіргі заманда оқыту мен тәрбиенің табысты болуы ата-аналардың тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне, мәдениетіне, ынтымақтастығына, отбасында бір-бірін түсінушілігіне, өзара қарым-қатынасына, көзқарастары мен мақсаттарының бірлігіне байланысты.

Тәрбие баламен сөйлесумен, әңгімелесумен, оған ақыл-кеңес берумен ғана шектелмейді. Тәрбие – тұрмысты дұрыс ұйымдастыра білуде, балаға әркімнің өз жеке басы арқылы үлгі-өнеге көрсетуінде. Отбасындағы бала тәрбиесі халық өмірімен, қоғамның мақсат-міндеттерімен байланысты болуы керек.

Адам баласы шыр етіп дүниеге келгеннен бастап, яғни, қоғамға, өзі- өсетін тіршілік ортасының мүшесі болады. Адам дүниеге келісімен өзі көріп отырған адамдардың іс-әрекетіне, қимылына, ас ішуіне, жүріс-тұрысына, сөйлеуіне, ойнауына, әңгімелесуіне тандана қарап, өзі де сол көргендерді есту мақсатында әрекет жасайды. Осыған байланысты «Ұядан не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» – дейді халық. Сондықтан баланың ең әуелгі өсетін ортасы, отбасы тәрбиесіне өте терең көңіл бөлу керек. Егер отбасында жақсы тәрбие алған болса, өскенде сол тәрбиенің ізімен баруы сөзсіз. Отбасындағы барлық адамдардың іс-әрекетіне, бала тәрбиесіне бірінші әсер ететін орта. Бала сол ортаға қарап өседі. Сол үшін балаға отбасындағы тәрбиені қоғамдық ортаға байланыстыра отырып берген адам ұтады.

Баланың жақсылығын да, жамандығын да, жемісі мен жеңісін де көретін ата-анасы! Қай заманда болсын, ата-ананың басты арманы – баласының инабатты, ізетті, еңбексүйгіш, ержүрек, адал, қайырымды болуы. Соған өз балаларын тәрбиелейді. Баланың көп уақыты отбасымен бірге өтеді. Бала дүниеге келген күннен бастап ұлттық тәрбиені санасына сіңіре берсе, өсе келе бала зиянды нәрселерден аулақ болады. Сондықтан да, ата-ана балаға үңіле қарап, үнемі бақылап және қадағалап отыруы керек.

Тәрбиенің қиындықтары көп, сол қиындықтан қашпаған ата-ана ғана саналы тәрбие бере алады. Ол үшін баланың не істеп жүргенін, кіммен ойнайды, қай жерде жүргенін, тапсырманы қалай орындағаны сияқты жұмыстарын қадағалап, түсіндіріп, жан-жақты тәрбие беру, оны әрі қарай дамыта білу керек. Отбасындағы өзара қарым-қатынастың дұрыс болуы, бала тәрбиесінде әке мен шеше рөлінің өте маңызды екені белгілі.

Тәрбие адам тағдырын шешетін ұлы іс. Ұлы істің бастау бұлағы, қайнар көзі – отбасы. Отбасындағы тағылым мен үлгі өнегенің, балабақшадағы тәлім тәрбиенің жүйелі бірізді жүргізулерінен бастау алатыны баршаға белгілі. Халқымыз: «Балаңа бес жасқа дейін патшандай қара» дегеннің терең мәні дәл осы кезде іске асатынын меңзесе керек.

Тәрбиенің түп тамыры – ұлтты қадірлеу, ұлттық әдет-ғұрыпты дамыту, ұлттық дәстүрді жандандыру, ұлтаралық достық қарым-қатынасты нығайтуға үйрету. Сабақ та, тәрбие де осы бағытта болса ғана баланы ортаға қарап тәрбиелеген боламыз, сонда ғана оның адамгершілігі қалыптасады. Адамды құрметтеуге тәрбиелеуіміз қажет.

Балабақшаға барғанда өз жасындағы балалармен бірге ойнайды, сөйлеседі. Бұл жерде тіл алғыш, айтқанды істемейтін, жылауық, сабырлы балалардың ортасына, яғни, аралас ортаға барады. Балабақшада осылардың әртүрлігіне мән беріп, жалпы ортақ тәрбие – адамгершілік тәрбиесі беріледі. Ол тәрбиешінің қатысуымен іске асады.

Қазір мектеп жасына дейінгі балалар бірыңғай бұрынғыдай тыңдаушы ғана емес, оқырман да. Мектеп жасына дейінгі балалардың бойында оқу қызметін меңгерту басты бағыты болып саналады. Ересек адам мектепке дейінгі балаға күшті педагогикалық әсер етеді, ол өзара әрекет үрдісінде кешенді әдістер мен тәсілдердің көмегімен танымдық белсенділікті қалыптастыруға, балалардың психикалық ойлау, қабылдау, ес, зейін, сөйлеуді, өзіне сенімділікті және ынталықты дамыта отырып, олардың белсенді танымдық іс-әрекетпен шығармашылыққа бой алуына көмектеседі.

Халқымыздың даналығында «Баланы жастан» деген сөз бар. Сондықтан тәрбиенің тал бесіктен басталатынын ескерсек, ата-бабадан келе жатқан ибалық пен инабаттылықты өзіміз түпкілікті түсініп, балаларымызға сол

тәрбиенің нәрін сіңіре білсек, бұл қазіргі заманда бала тәрбиесіне қосқан біздің қомақты үлесіміз болып табылар еді. Еліміз егемендік алып, өз мәртебесі биіктей түскен шақта ең алғашқы алға қояр міндеттің бірі – бала тәрбиесі – егеменді еліміздің болашағын жалғастырушы ұрпақ тәрбиелеу. Ал сол жас ұрпаққа тәрбие беретін бүгінгі тәрбиеші – мамандар тәрбиелеу мен білім берудің жаңаша жетілдірілген әдіс-тәсілдерін іздестіріп, күнделікті жұмыс барысында жаңашыл бағыттар қарастырып, оны өздерінің іс-тәжірбиесінде қолданып отырса, бала тәрбиесі алға басары сөзсіз. Бұл ойдың тармағы бүгінгі тәрбиешінің кәсіптік шеберлігінде, шығармашылық дамуына әкеліп соғады.

Бүгінгі қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген парасатты азамат тәрбиелеп өсіру—әрбір отбасының, балабақшаның, барша елдің міндеті. Осы міндетті орындауда мектепке дейінгі тәрбие мекемесі – балабақшаның рөлі өте зор. Әр үйдің кішкене балбөбектері білім ордасына дейін ата-анасының тәлімді тәрбиесімен қатар мейірімге толы ізгілікпен құшақ жайып, өнер,білімге баулитын балабақша саясында өсетіні анық. Бала біздің болашағымыз.Олай болса мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту баланың ғана емес, еліміздің де жарқын болашағының кепілі. Ол-үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы. Балабақшада бала тәрбие мен білімді ала отырып, шығармашылық мүмкіндіктерін іске асыра алады. Бұл жерде баланы жеке тұлға ретінде қалыптастыруда ойын түрлерін ұйымдастыру мен еңбексүйгіштікке тәрбиелеу бағыты жоғары нәтиже береді. Балалардың өзі-өзіне қызмет ету, үлкендерге көмектесуі олардың жеке тұлға ретінде дамуының көрсеткіші боп табылады. Балабақшаның мақсаты: Балаларды жалпыға міндетті білім беру стандартына сай оқыту мен тәрбиелеу, салауатты өмір салтын ұстанатын, денсаулығы мықты, парасатты да, инабатты ұрпақ тәрбиелеу.Әр баланы бүлдіршін кезінен адамгершілікке, имандылықпен мәдени-гигиеналық машықтарды қалыптастыруға, Отанын сүйуге баулу. Мектепке дейінгі балаларға оқу қызметтерінен тыс дамыту формалары өз әсерін тигізеді. Әр түрлі мерекелік ертеңгіліктер бала сезіміне ерекше әсер ететін, оны игілікті мінез-құлыққа тәрбиелейтін қайырымдылық әрекеттерге бағыттайтын маңызды форма болып саналады. Қазіргі дамыған заманда ешбір жас ұрпақ білімсіз қалмауы керек, бүгінгі жас ұрпақ бойына білім нәрін сусындатып, алға қарай қызығушылығын арттыру басты

міндетіміз. Бүгінгі жас ұрпақ ертеңгі ел болашағы, біз әрқашан заманауи білімді балаға беріп отырсақ, біздің балаларымыздың болашағы жарқын болмақ. Айта кетсек ЖШС «Преминум -Талғар» бөбекжай балабақшасында балалардың жан-жақты тәрбиесіне,біліміне және шығармашылығын ашуға септігін тигізуде деп айта аламын. Балабақшамызда жыл бойына өткізілетін мерекелер, семинарлар, ашық оқу қызметтері яғни, «Тәуелсіздік күні»,«Жаңа-жыл мерекесі», «Аналар мейрамы», «Алтын күз», «Наурыз тойы», «Балабақшамен қоштасу», «9 мамыр Жеңіс күні» іс-шаралары т.б мерекелерді өткізу кезеңінде ән, тақпақ, би билеу балалардың рухани дамуына оның кемел жетілуіне, олардың бойына адамгершілік құндылықтардың терең тамыр жаюына ықпал етеді.Әрине, мұндай тәрбиелік шаралар, ертеңгіліктер үнемі ата-аналардың қолдауымен, қатысуымен өткізіледі. Балалардың ата-аналарымен тығыз байланыста болған жағдайда ғана талапқа сай жұмыстар жүргізуге болады. Осындай тәрбиелік іс-шараларды өткізе отырып, бала бойына жастай өз ұлтымыздың тәрбиесін қалыптастыратынымызға сеніміміз мол. «Жақсы өнеге көрсе бала бүгінде, еңбегімен қуантады түбінде» немесе «Ертең өзің қалмау үшін табаға, жақсы өнеге көрсете біл балаға» деген Жүсіп Баласағұн бабамыздың аталы да баталы сөзін бағдар етіп ұстансақ бала тәрбиесінде баршамыздың жоғарғы жетістіктерге жететінімізге ешкімнің күмәні жоқ. Келешекте олай болса, осы берілген тәрбие ұрпақтан ұрпаққа жалғасады.

**Апталық қысқы қызықтар мен сауықтарды өткізудегі
ата-аналардың қатысы. «Біз ептіміз» қысқы ойындары**



Апталық қысқы қызықтар мен сауықтар: «Біз ептіміз» қысқы ойындары

Мақсаты:

- Балалар мен ата-аналардың қысқы ойындарға белсенді қатысуын қамтамасыз ету.
- Салауатты өмір салтын насихаттау.
- Отбасылар арасындағы қарым-қатынасты нығайту.
- Балалардың дене шынықтыру және әлеуметтік дағдыларын дамыту.

Жоспар:

1. Өткізу орны мен уақыты:

- **Өткізу күні:** Апта бойы (күндер мен уақытты нақтылау).
- **Өткізу орны:** Балабақшаның аумағы немесе жақын маңдағы ашық алаң.
- **Қатысушылар:** Балалар, ата-аналар, тәрбиешілер.

2. Дайындық кезеңі:

1. Ата-аналарды тарту:

- Ата-аналарды апталық қысқы қызықтарға шақыру.
- Әр отбасының міндеттерін анықтау (ойындарға қатысу, жабдықтарды дайындау, төрешілік жасау).

2. Жабдықтар:

- Шаңғы, шаналар, қардан жасалатын құралдар (қар кесектері, қалыптар).
- Жалаушалар, конустар, кедергілер.
- Жылы киім мен арнайы жабдықтарды кию туралы ескерту.

3. Безендіру:

- Ойын алаңын қысқы атмосферада безендіру (қар мүсіндері, баннерлер).

3. Ойындар бағдарламасы:

1. «Шана жарысы» (балалар мен ата-аналар қатысады):

- Балалар шанаға отырады, ал ата-аналар оларды белгіленген қашықтыққа дейін сүйрейді.
- Ережесі: ең жылдам әрі қауіпсіз команда жеңеді.

2. «Қардан мүсін жасау» (отбасылық сайыс):

- Әр отбасы қардан өз мүсінін жасайды (аққала, жануарлар, үй).
- Уақыт шектеуі: 15-20 минут.
- Жеңімпаз: ең креативті және ерекше мүсін жасаған отбасы.

3. «Қар лақтыру» (дәлдікке арналған ойын):

- Қар кесектерін шеңбердің немесе шелектің ішіне дәл лақтыру.

- Балалар мен ата-аналар кезек-кезек ойнайды.

4. «Қардан лабиринт» (қимыл-қозғалыс ойыны):

- Қардан жасалған жолдар арқылы лабиринт құру.
- Балалар лабиринттен өтуді жарысып орындайды.

5. «Қысқы эстафета» (топтық ойын):

- Белгіленген бағытта жүгіріп, кедергілерден өту.
- Эстафета құрамына шаңғы, шанамен сырғанау және қардан кедергілерді айналып өту кіреді.

4. Қызықты сәттер:

Шығармашылық аймақ:

- Балалар қарды бояп, түрлі суреттер салу.
- Табиғи материалдармен (қар, бұтақтар) қысқы декорация жасау.

Жылыну аймағы:

- Шара соңында ата-аналар мен балаларға арналған жылы сусындар (шай, какао) мен жеңіл тағамдар ұсынылады.

5. Қорытындылау:

1. Жеңімпаздарды марапаттау:

- Әрбір сайысқа жеңімпазды анықтап, шағын сыйлықтар мен мадақтамалар табыстау.
- Мысалы: «Ең жылдам отбасы», «Ең креативті отбасы», «Ең ұйымшыл команда».

2. Қорытынды сөз:

- Тәрбиеші барлық қатысушыларға алғыс айтып, қысқы сауықтардың балаларға пайдасы туралы атап өтеді.

3. Бірлескен сурет:

- Ата-аналар, балалар және тәрбиешілер бірге қысқы ойын алаңында суретке түседі.

6. Ата-аналардың қатысуы:

- **Ұйымдастыру:** Ойын алаңын дайындау, жабдықтарды әкелу.
- **Жетекшілік:** Ойындардың қауіпсіздігін бақылау және әділқазылар тобына қатысу.
- **Қолдау:** Балаларға ойын кезінде көмек көрсету.

7. Қорытынды:

Бұл апталық қысқы қызықтар балалар мен ата-аналарға жағымды эмоциялар сыйлайды, салауатты өмір салтын насихаттайды және отбасылық қарым-қатынастарды нығайтуға ықпал етеді.

Баяндама
«Бала неге өтірік айтады?»

Тәрбиеші: Саркулова Д.Т

«Бала неге өтірік айтады?»

Қазіргі заманның балалары – ерекше ақылды, жылдам, еркіндікке құмар балалар. Мүмкін сондықтан да олар көп нәрсені талап етеді. Осыған орай қазіргі ата-аналар тәрбие беру жөніндегі мәселелер бойынша біршама қиындықтарға тап болады.

Тәрбиенің отбасынан басталатыны сөзсіз. Күнделікті «беті қолыңды жу, тісінді тазала, өтірік айтпа, біреудің затын рұқсатсыз алма» т.б деген сияқты сөздерді айтуға жеңіл болғанмен, осы сөздердің тәрбиелік мәні зор екенін естен шығармау керек.

Баланың үлкендерге өтірік айтуы, көбінесе ол балаға жеткілікті дәрежеде көңіл бөлінбейтіндіктен деп түсіндіреді мамандар. Кейбір ата-аналар баланың ішкі жан дүниесіне үңілмейді, тіпті оның қажеттіліктері мен сұраныстарына назар да аудармайды. Мұндай жағдайларда бала өзін ата-анасына еш керексіз сезінеді, бірақ олардың қоятын талаптарынан қорқады. Бала бойын жайлаған қорқыныш оның ересектер алдында өтірік айтуға, алдауға итермелейді. Бала ересектердің көңілінен шығу үшін және өзін қорғау үшін, тығырықтан шығу үшін де жалған сөйлеуге барады. Мұндай нәрсе ой-қиялы бай, яғни ойынан «шындық» құрастырып шығарғысы келетін балаларда көп кездеседі.

Ата-ана – бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Сондықтан әке де, шеше де балаларының жан дүниесіне үңіліп, мінез-құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн.

Әдетте ата-ананың балаға деген немқұрайлығы, салқынқандылығы теріс мінездердің қалыптасуына әкеліп соқтырады. Өзіңіз ойланыңызшы, өмірде алаяқтар, бетімен кеткен жүгенсіздер, қылмыскерлер қайдан шығады? Олардың тағдыр жолдарын талдап қарағанда балалық шағы дұрыс қалыптаспағаны белгілі болған. Әсіресе, баланың 4-5 жасындағы қылықтарына мән берген абзал. Көптеген ата-аналар бұған балалық деп қарайды. Басында балалар әке-шешесінің қатаң сөгісінен қорқып, өтірік сөйлей бастайды. Қалағанын алу үшін өтірік айта бастайды. Бірте-бірте бала қулыққа бейімделе бастайды. Тіпті, жалған сөйлеуді «қару» етіп алады.

«Сәтті» басталған өтіріктер әрі қарай да баланың осылай көзқарасы бұрыс қалыптасуына жол ашады.

Сондықтан, отбасында бала қандай жағдайда өтірік айтады, соны анықтап алуыңыз керек. Оның өтірік айтуының себебі неде? Бәлкім, отбасындағы мүшелермен арадағы қарым-қатынастың дұрыс болмауынан, қатар-құрбыларының арасындағы қарым-қатынастың қиындауынан болар. Мұны біліп алған соң, енді жай өзгертуге тырысыңыз. Яғни, баланың өтірік сөйлеуіне итермелейтін жағдайларды болдыртпауға тырысыңыз.

Естеріңізде болсын! Егер балаңыз өтірік айта бастаса, оның ішкі жан-дүниесінде қандай да бір проблема болғаны.

Бала өтірік айтқан жағдайда ата-аналар не істеуі және өздерін қалай ұстауы керек? Мысалы, балаңыздың өтірік айтқанын біліп тұрсыз, тіпті дәлеліңіз де бар делік, психологтар мұндай жағдайда онымен ақырын отырып, жәйлап тілдескен жөн дейді. Психолог Алан Фромм балаңызға әсіресе мына сөздерді міндетті түрде айтып өтіңіз деп ескертеді. «Балам, маған мұның қалай болғанын бастан-аяқ айтып берші. Мейлі, сен кінәлі болсаң да, жазаламай-ақ қояйын. Тек менен ештеңе жасырма. Егер сен бәрін айтып берсең, неліктен жаман қылыққа барғаныңның себебін тауып түсіндіріп беремін. Екінші рет қайталамайтын боласың!» деп айту керек.

Бала мына жағдайда өтірік айтады:

- ыңғайсыз жағдайға тап болудан қорқып, ата-анасының жазалауынан қорыққаннан, ұялғаннан.
- қалағанына қол жеткізу үшін немесе ұнатқан нәрсесін алу үшін.
- баланың өзі жақсы көретін досын қорғау үшін.
- өзінен үлкендердің мақтауына ие болу үшін және ұнау үшін.
- өзінікі «дұрыс екенін» ұқтыру үшін.

Ешуақытта баланың теріс әрекетін көре сала оны қорқытып-үркітіп, жазалаймын деп шара қолдануға асықпаңыз. Оны одан бетер өтірік айтуға итермелейсіз. Сондықтан баланың ішкі эмоциясы басылғанын күтіңіз. Төтеннен ашуға мініп, дөрекілік көрсететін болсаңыз, сізге сенбей өседі, іштей «жау» санап өсуі мүмкін. Бұл жерде балаға өтірік айтқызбаудың

бірден-бір кепілі – сенімділік. Яғни, бала мен үлкен адам арасында сенім қалыптасуы керек. «Бала неліктен өтірік айтады?» кітабының авторы, американ психологы Пол Экман бұл мәселені жеңу үшін баламен ашық әңгімелесу керек екенін айтады. «Балам, екеуіміздің арамызда бір-бірімізге деген сенімнен артық ештеңе жоқ. Егер ұнамсыз қылықтар жасап қойсаң, маған оны айтудан қорықпа. Әрине, сен бәрін жасырып қалуыңа болады. Бірақ, шындықты айтуға батылдық танытсаң, мен сен үшін мақтанар едім». Балаға өтірік айтудың соңы неге апарып соқтыратынын мысалдармен түсіндіріп беріңіз. Ертең үйден тыс бөтен ортадағы адамдармен араласа бастаған шақта мұнан да үлкен мәселелер, жалған нәрселер, алдап-арбаулар балаңыздың алдынан кездесуі мүмкін ғой. Мысалы, қатарластары, құрбы-құрдастары, одан ересектері... Оларға қалай сенуге болады? Қандай жағдайда сенбеуі керек? Өмірде кездесетін мысалдарды, оқиғаларды айтып беріңіз.

Әрине, біз балаларымыздың тәртіпті, әділ, өнегелі болғанын қалаймыз. Мұндай нәтижеге қол жеткізу үшін тіпті ең кішкентай деген мәселеге дейін әділ болуыңыз керек. Берген уәдеңізді орындай алмадыңыз ба, онда не себепті ондай болғанын айтып, балаға түсіндіруіңіз қажет және кешірім сұрау артықтық етпейді.

Сенің қолдайтының да, қорғайтының да – отбасы бақыты. Айтарың да, үйретерің де – тәрбие.

Абай атамыз былай дейді: «Балаға көбіне үш алуан түрлі мінез жұғады. Біріншісі – ата-анадан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – құрбысынан. Солардың ішінен бала қайсысын жақсы көрсе, сонысынан көбірек жұғады. Сондықтан жұмыс қаншалықты қауырт болса да, қаншалықты шаршап-шалдығып жүрсе де ата-ана бала тәрбиесін ұмытпауы тиіс. Балалардың болашақ қадамы отбасында басталатыны бәрімізге аян. Бала жақсы әдетті болса да, жаман әдетті болса да ең алдымен отбасында алады.

Психологиялық тұрғыдан алғанда адамдарға сеніммен қарау балаға қажетті аса маңызды қасиет. Осы кезде балада үлкендердің талап-тілегінен шығуға деген тырысушылық, үлкендердің көзіне түсуге деген талпыныс байқалады. Бала үлкендерге ұнауға талпыныс білдіре отырып, мінез-құлық ережелерін орындауға ұмтылады. Осы ұмтылыс барысында оның бойында ар-ұят сияқты

адамгершілік сезім пайда болады. Сондықтан баланың түр-сипатына емес, ішкі жан дүниесіне өте қатты көңіл бөлсек екен.

«Өзіңді және достарыңды тұмаудан сақта!»
(Медбике баяндамасы)

«Өзіңді және достарыңды тұмаудан сақта!»

ЖРВИ және тұмау ауруын алдын алу

Тұмау және ЖРВИ алдын алу жөнінде кеңестер :

Ата аналардың назарына Тұмау ауруы күзгі қолайсыз ауа райы мен қысқы салқынның ажырамас бөлігі іспетті. Осы кезеңде адамдарда тұмаурату мен жөтел,

жалпы әлсіздік пен қызудың көтерілуі байқалады. Тұмау және басқа ЖРВИ (жіті респираторлық вирустық инфекция) несімен қауіпті? Тұмау және басқа да ЖРВИ

жоғарғы тыныс жолдары, жүйке жүйесі, құлақ және жоғарғы тыныс органдарының

зақымдануымен қауіпті. Асқынулар 3 жасқа дейінгі балалар арасында жиі кездеседі, себебі олардың иммунитеті әлі де жетілмеген және жүйке жүйесі толық

қалыптаспаған. Тұмау және басқа ЖРВИ сырқаттану балалар арасында ересек

адамдарға қарағанда жыл сайын 4-5 есе жоғары болады. Соның ішінде 5 жасқа

дейінгі балалар арасында тұмау және ЖРВИ ауыр ағымда өтіп, асқынулар туындауы

мүмкін. Респираторлы ауруларға шалдығу мүмкіндігі мектепке дейінгі балалар

мекемесіне және мектепке баратын балалар арасында жоғары, себебі үлкен ұжымдарда инфекция тез таралады.

Тұмау – жоғары тыныс алу жолдары зақымдалу және уыттану белгілерімен сипатталатын жұқпалы инфекциялық ауру. Ауру адамнан сау адамға жөтелген,

түшкірген кезде ауа тамшысы арқылы беріледі.

Тұмаудың белгілері мыналар - тамақ ауруы, дене қызуының көтерілуі, бас ауруы , сонымен қатар, бұлшық еттің ауруы, осыдан барып адам

еңбекке уақытша жарамсыз болып қалады. А,В,С грипп вирусымен түр-түріне

бөлінеді. Тұмау ауруы 5-10 күнге дейін созылып қайта өрбіп асқынып кетуі мүмкін. Асқынған ауру бактериялды инфекциялармен қозып (отит, гайморит) ауруларына айналады.

Тұмау және ЖРВИ алдын алу: баланы вирустан қалай сақтауға болады?

- Вакцинация. Жылына бір рет, күз айларында, барлық жанұя мүшелерінің тұмауға қарсы вакцина алуына кеңес беріледі. Жыл сайын біздің облысымызда ақысыз түрде тұрғындардың неғұрлым әлсіз топ өкілдері: балалар үйінің, сәбилер үйінің тәрбиеленушілері, мектеп – интернат оқушылары, қарттар үйіндегі адамдар, медқызметкерлер егіледі. Сонымен қатар осы жылдың қазан айынан бастап қаланың барлық емханаларында ақылы түрде тұрғындарға вакцинация жасалады;
- Тұмауға қарсы витаминдік профилактика балалар мен ересек адамдардың респираторлық вирустарды жұқтыруына тосқауыл болады. Респираторлық вирустарға қарсы тұруға жеке бас тазалығын сақтау және белсенді салауатты өмір салты көмектеседі, соның ішінде:
- Жоғарғы тыныс жолдарының кілегей қабаты және тері жамылғысының тазалығы (тамақты шаю, мұрын қуысын шаю, қолды жиі сабындап жуу және тұрақты шомылу шаралары);
- Үйдің тазалығын сақтау – қоршаған орта әсерінен тұмау вирусы тез жойылады (тұрақты түрде бөлмелерді желдету және ылғалды тазарту, бөлме температурасын 20-24С және ылғалдылықты 30-35% аралығында ұстау);
- Көкөніс пен жеміс-жидектен тұратын толыққанды байытылған тамақ көздерін пайдалану;
- Дене шынықтырумен, спортпен айналысу және организмді шынықтыру. Егер бала сыр аурудың асқынуынан

сақтайсыз. Мұрын қуысына “Оксолин” майын жағыңыз — ол вирустың таралуына тосқауыл болады. Оны науқас та, сырқаттанбаған адам да пайдалануға болады.

Баланы үй жағдайында өзіңіз емдемеңіз – бұл оның денсаулығы мен өміріне қауіпті. Дәрігер шақыртыңыз – себебі тек білікті маман ғана дұрыс диагноз қойып, ем-шара тағайындай алады. қаттанса — не істеу керек? Ең бастысы - үйде қалыңыз. Осылайша сіз балаңызды аурудың асқынуынан сақтайсыз. Мұрын қуысына “Оксолин” майын жағыңыз — ол вирустың таралуына тосқауыл болады. Оны науқас та, сырқаттанбаған адам да пайдалануға болады. Баланы үй жағдайында өзіңіз емдемеңіз – бұл оның денсаулығы мен өміріне қауіпті. Дәрігер шақыртыңыз – себебі тек білікті маман ғана дұрыс диагноз қойып, ем-шара тағайындай алады.

Аурудың алғашқы белгілері пайда болса:

1. Үйде қалыңыз;
2. Төсек режимін сақтаңыз;
3. Бөлмені күніне 2 рет таза ауамен желдетіңіз;
4. Мұрыннан су аққанда, жөтелгенде, медициналық демперде киген жөн;
5. Сусын, шай, шырын түрінде сұйықты көп ішіңіз;
6. Жеке бас тазалығын сақтаңыз;

Дәрігерді үйге шақырып,

Жіті респираторлық вирустық инфекция және басқа да вирусты инфекциялардың алдын алу шаралары

1. Үйден шығарда мұрныңыздың ішіне оксалин жақпасын жағыңыз;
2. Адамдар көп жиналған жерден аулақ болыңыз;
3. Сұйықты көп ішіңіз, таза ауада көп жүріңіз;
4. С дәрумені бар тағамдарды көбірек қолданыңыз;

5.Халық емін қолданыңыз(пияз, сарымсақ).

6. Ұсыныстарын қатаң сақтаңыз.

Тұмауды алдын алудың жолдары:

Ең тиімді алдын алу әдісі- тұмауға қарсы вакцинасы.

- Эпидемия кезінде адамдармен байланысыңызды мүмкіндігінше азайтуға тырысыңыз (қоғамдық көліктермен жиірек жүріп,қонаққа барудан бас тартыңыз).
- Бөлмеңізді, үйіңізді жиі желдетіп, ылғалды түрде жиыстырып қойыңыз.
- Мұрныңыздың шырышты қабығын интерферонды қолдана отырып, 0,25 пайызды оксалин майымен майлап қойыңыз.
- Сарымсақ пияз сонымен қатар құрамында С дәрумені бар өнімдерді көбірек пайдаланыңыз лимон,орамжапырақ,қара қарақат.
- төрт қабатты дәкелі таңғышты қолданыңыз.
- Толық тамақтаныңыз
- Таза ауада жүйелі түрде серуендеу, денешынықтырумен және спортпен айналысуды қолға алыңыз.
- Тұмаумен ауыратын науқасты басқалардан алшақтауды ұмытпаңыз.

Тұмау – жұқпалы вирустық ауру. Эпидемиология институтының ғалымдарының айтуы бойынша аурудың ушығуы желтоқсан айының соңы мен қаңтар айының басында болады.

Жұғу жолы – ауа-тамшылы.

Аурудың тарау көзі – сөйлеу, жөтелу, түшкіру кезінде вирус бөлетін тұмаумен ауыратын адам.

Тұмаудың негізгі белгілері – бастың ауруы, көзді басқа жаққа бұрып қараған кезде көздің ішінің ауруы, буын, бұлшық еттің ауруы, дененің әлсіреп ауруы, дене қызуының көтерілуі.

Тұмаудың емдеу:

1. Жатып емделу;
2. Дәрігерді үйге шақыру;
3. Жылы сусындарды жиі ішу;
4. Қызу көтерілген кезде парацетамол, эффералган, фервекс, терафлю т.б ішу;
5. С дәрумені бар өнімдерді көп пайдалану.

Тұмаудың алдын алу үшін не істеу керек:

1. Эпидемия басталмай тұрып, вакцинация жасау;
2. Эпидемия басталмай тұрып, мұрынның тесіктеріне 2-3сағат бұрын оксолин майын жағып, 2-3рет интерферон тамызып тұрыңыз;
3. Тұмаудың алғашқы белгілері байқалған кезде басқаларға жұқтырмау үшін үйден шықпау;
4. Медициналық бетперде киіп алып жүріңіз. Оны әр 3 сағат сайын ауыстыруды ұмытпау;
5. Сыныпты жиі-жиі желдетіп, үзіліс кезінде сыртқа шығып тұру;
6. Тағам дайындауға көкөністер, жемістерді, сонымен қатар С дәруменіне бай өнімдерді жиі пайдалану;
7. Адам көп жерлерге бармауға тырысу керек.

Жадынама: «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың үлгісі»
Бала тәрбиесіндегі ата-ананың үлгісі туралы ұсыныстар:

Жадынама: «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың үлгісі»

Бала тәрбиесіндегі ата-ананың үлгісі туралы ұсыныстар:

1. Баланың алдындағы мінез-құлық үлгісі:

- Балалар ата-ананың әрекеттерін бақылап, соларды қайталайды. Сондықтан, сабырлылық, адалдық, еңбекқорлық сияқты қасиеттерді көрсетіңіз.
- Айтқан сөзіңіз бен әрекетіңіз сәйкес болуы маңызды: «Не істесем, сол дұрыс» деген қағиданы ұстаныңыз.

2. Сөздік қарым-қатынас:

- Баламен жұмсақ, жылы сөйлесіңіз.
- Мақтау мен мадақтау – балаңыздың өзіне деген сенімділігін арттырады.

3. Тәртіп пен жауапкершілік:

- Балаға үйдегі ережелерді түсіндіріп, оларды сақтауын қадағалаңыз.
- Балаға жасына сәйкес шағын міндеттер жүктеңіз (ойыншықтарын жинау, үстел дайындауға көмектесу).

4. Балаға уақыт бөлу:

- Күніне кемінде 20-30 минут баламен сапалы уақыт өткізіңіз (әңгімелесу, кітап оқу, ойнау).
- Телефон немесе басқа гаджеттерді қойып, балаңызбен шынайы қарым-қатынас жасаңыз.

5. Сезімдер мен эмоцияларға мән беру:

- Баланың сезімдерін тыңдап, оларды түсінуге тырысыңыз.
- Егер бала ренжіп немесе қателессе, оны жазаламай, мәселені түсіндіріңіз.

Үйде қолдануға болатын тәрбие әдістері мен шығармашылық тапсырмалар:

Тәрбиелік әдістер:

1. Сөздік тәрбиелеу:

- Мысал әңгімелер айтып, өмірлік құндылықтарды түсіндіріңіз.
- Жақсы және жаман қылықтарды салыстыру арқылы түсінік беріңіз.

2. Ойын арқылы тәрбие:

- Баланың мінез-құлқын ойын барысында қалыптастырыңыз.
- «Рөлдік ойындар» арқылы оның әлеуметтік дағдыларын дамытыңыз (дүкенші, дәрігер т.б.).

3. Ынталандыру:

- Мақтау мен марапаттауды жиі қолданыңыз.
- Кішкентай жетістіктерін де назардан тыс қалдырмаңыз.

4. Шекаралар қою:

- Балаға «болады» және «болмайды» деген әрекеттерді нақты түсіндіріңіз.
- Сабырлық пен түсіністік танытыңыз, бірақ шекараларды бірізділікпен ұстаныңыз.

Шығармашылық тапсырмалар тізімі:

1. Сурет салу:

- Табиғат көріністерін немесе өз отбасыңызды салуды сұраңыз.
- Саусақпен сурет салу әдістерін қолданыңыз (бұл ұсақ моториканы дамытады).

2. Аппликация:

- Түрлі-түсті қағаздан жануарлардың бейнесін жасау.
- Табиғи материалдарды (жапырақ, жаңғақ) пайдаланып, шағын композициялар құрастыру.

3. Қолөнер:

- Пластилиннен түрлі пішіндер жасау (жан-жануарлар, жемістер).
- Макарон немесе моншақтардан білезік, алқа жасау.

4. Кітап оқу:

- Балаларға қысқа әңгімелер мен ертегілер оқып беріңіз.
- Оқыған мәтін бойынша балаға сұрақтар қойып, мазмұнын бірге талқылаңыз.

5. Логикалық ойындар:

- Мозаика құрастыру, пазл жинау, кубиктерден фигура жасау.
- «Суреттегі айырмашылықты тап», «Лабиринттен шық» сияқты ойындар.

6. Дамытушы тапсырмалар:

- «Сөзді аяқта»: балаңызға сөздің басын айтыңыз, ол жалғастырсын.
- Сандар мен түстерді сәйкестендіру ойынын ұйымдастырыңыз.

Қорытынды:

Тәрбие – бұл тек сөзбен емес, іс-әрекетпен көрсетілетін процесс. Баланың болашағы сіздің бүгінгі әрекеттеріңізге байланысты. Сондықтан, балаңызға махаббат пен қолдау көрсетіп, оның толыққанды дамуына барынша жағдай жасаңыз.

«Ашық есік күні»

Мақсаты:

- Ата-аналарды балабақшаның күн тәртібімен және оқу-тәрбие үдерісінің ұйымдастырылуымен таныстыру.
- Тәрбиешілердің әдістемелік шеберлігін көрсету.
- Ата-аналар мен педагогтардың арасындағы сенімді қарым-қатынасты нығайту.
- Балалардың балабақшадағы күнделікті іс-әрекетке қалай қатысатынын көрсету.

Ұйымдастыру жоспары

1. Өткізу орны мен уақыты:

- **Күні:** ____
- **Өткізу орны:** Топ бөлмесі және балабақша аумағы.
- **Қатысушылар:** Тәрбиешілер, ата-аналар, балалар, балабақша басшылығы.

2. Дайындық кезеңі:

1. Шақыру:

- Ата-аналарға іс-шара туралы хабарлама тарату (күн тәртібін қосу).

2. Бөлмені дайындау:

- Балалардың жұмыстарын, оқу құралдарын көрнекі түрде орналастыру.
- Ата-аналарға арналған орындықтарды дайындау.

3. Материалдар:

- Оқу-тәрбие үдерісінде қолданылатын көрнекі құралдар, ойыншықтар, дидактикалық материалдар.

3. Іс-шара бағдарламасы:

1. Қарсы алу және таныстыру (10 минут):

- Тәрбиешінің ата-аналарды қарсы алуы және қысқаша күн тәртібімен таныстыруы.
- *«Біз сіздерді балабақшадағы күнделікті тәрбие жұмысымен таныстырып, балалардың дамуына бағытталған іс-әрекеттерді қалай ұйымдастыратынымызды көрсетеміз.»*

2. Топта тәрбиешілердің іс-әрекет көрсетуі (30-40 минут):

2.1. Таңғы шеңбер (5-10 минут):

- Балалар бір-біріне жақсы тілектер айтады.
- Қысқа әңгіме: «Бүгінгі көңіл-күйіміз қандай?»
- Музыкалық сәлемдесу.

2.2. Дамытушы оқу қызметі (15-20 минут):

Тәрбиешілердің күн тәртібіндегі негізгі бағыттарды көрсетуі:

- **Тақырып:**
«Табиғат әлемі» (немесе басқа жоспарланған тақырып).
- **Мазмұны:**
 - Балаларға суреттер немесе табиғи материалдар көрсету арқылы сабақ өткізу.
 - Ойындар мен практикалық тапсырмалар (мысалы, түстерді немесе пішіндерді ажырату).
 - Балалармен бірге шағын шығармашылық жұмыс орындау (аппликация немесе сурет салу).

2.3. Қозғалмалы ойындар (10 минут):

- Ашық алаңда немесе топ бөлмесінде сергіту ойындары:
 - «Допты ұста».
 - «Кім жылдам?»
 - Балаларға қимыл-қозғалыс жаттығуларын көрсету.

3. Балалар жұмыстарының көрмесі (10 минут):

- Балалардың салған суреттері, қолөнер бұйымдары, аппликацияларын көрсету.
- Тәрбиеші әр жұмысты таныстырып, баланың жетістіктерін атап өтеді.

4. Талқылау және кері байланыс (15 минут):

1. Ата-аналармен пікір алмасу:

- Балалардың күн тәртібіне қатысты ата-аналардың ойлары мен ұсыныстарын тыңдау.
- Ата-аналардың балабақша жұмысына қанағаттану деңгейін анықтау.

2. Тәрбиешінің қорытынды сөзі:

- *«Біздің жұмысымыздың мақсаты – балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасау. Сіздердің қолдауларыңыз біз үшін маңызды. Баланың дамуы тек балабақшада емес, үйде де жалғасуы тиіс.»*

4. Қорытынды:

- Ата-аналарға алғыс білдіру.
- Алдағы уақыттағы жоспарлар туралы ақпарат беру.
- Балалар, ата-аналар және тәрбиешілер арасында естелікке фотосессия ұйымдастыру.

Қосымша:

- Ата-аналарға балалардың күн тәртібі мен үйде қолдануға болатын дамытушы ойындар жазылған жадынама тарату.
- Егер ата-аналарда сұрақтар немесе ұсыныстар болса, тәрбиешімен жеке кездесулер ұйымдастыру.

Бұл іс-шара ата-аналарға балабақшадағы тәрбиелік үдерісті жақсы түсінуге және баланың дамуына белсенді қатысуға мүмкіндік береді. □

«8-наурыз, Аналар мерекесі»



«Тәрбие тірегі – халық мұрасы»



«Бала – ол әр ата-ананың баға жетпес байлығы»

Психолог баяндамасы

«Бала – ол әр ата-ананың баға жетпес байлығы»

«Бала – ол әр ата-ананың баға жетпес байлығы» екені бәрімізге мәлім. Бала үшін барлығымыз бар жақсылықты жасауға тырысамыз, келешегін бүгінгі күннен ойлайтынымыз рас. Осы сәттен баламызға көңіл бөлемізбе, әлде тек жұмыстың соңында кетіп бара жатқан жоқпызба деген сұрақ мазаламай қоймайды. Соның салдарынан баламыз келешегіне зардабын тартпаса екен дейміз немесе жаман жақтарын көрсетпесе екен. Осындай себептердің бірі – баланың тұйық болып қалуы.

Егер сіздің балаңыз онша сөйлемейтін және де балабақшада, үй маңындағы балалармен онша ойнамайтын болса, сонымен қатар тек жалғыздықты қалайтын болса, ондай баланы тұйық балалар қатарына жатқызуымызға болады.

Тұйық болудың бірнеше себептері бар:

Мәселен, ол мүмкін оның психологиялық ерекшелігіне, жан-дүниесінің нәзік келуі болып табылады. Егер бала тек жалғыз болғанды ұнататын, бірақ берілген тапсырманы бұлжытпай орындайтын болса, үндемей өз ойын ішінде сақтап, сыртқа шығармаса, онда ол балаға дер кезінде көңіл бөлінуі керек. Осы кезде ата-ананың қатал болуы, дөрекі сөйлеуі, ұрысу баланың өмірге деген көзқарасының дамуына әсер етіп, одан әрі жасқаншақ болып кетуі әбден мүмкін.

Тұйық болудың ең көп кездесетіні: жанұяда жалғыз өскен балаларда кездеседі. Ағасымен апайының болмай, амалсыз үйде ойнауы бала өмірінің дамуына әсер етеді.

Сонымен қатар ата-аналардың көзқарасына байланысты. Егер, ата-ана туыстарымен онша араласпай, тек жағымсыз жағын естіртетін болса, онда баланың да туыстық көзқарасы бұрыс қалыптасады. Сондықтанда ата-ана көзқарасы, ойы үлкен әсер етіп отыратыны анық.

Тұйық болуға итермелейтін тағы бір себеп: ата-аналардың іс-әрекеті.

--- Сіз балаңызға көп уақытыңызды бөлесіз бе?

Егер балаңыз өз қолымен әдемі сурет салса немесе кесте тігіп, өте қуанышты көңілмен әкеліп ұсынса, ал сіз болсаңыз жай ғана көзіңіздің қырын салып қарай алдай салдыңыз делік.

Бұнда өз ойыңызды қоспай, шын пейілмен мақтаса баланың алға деген ынтасы туындайды. Немесе сіз балаңыздың тек жаман қылықтарын ғана айтып, мақтамай бетіне басатын болсаңыз бала төмендеуі мүмкін.

Психологтардың айтуы бойынша тұйықтықты олардың салған суреттеріненде

байқауға болады. Бұл тәжірибені 4 жастан салғызуға болады.

Бала өзін ақ бетке қалай салады? --- Егер ол өзін өте үлкен қылып салса, онда ол еркеліктің белгісі. ---- Керісінше, үйде үлкені бола тұра өзін кішкене қылып салса, онда ол өз орынын маңызды деп санамауы.

----Егер өзін анасынан не әкесінен алшақ қылып салса , онда ол мүмкін әкешесінің көп көңіл аудармауы.

Егер ата-ананың жұмысы көп болып, балаға деген көңілінің болмауы немесе істеген ісінің жемісін көрмеуі, жақтырмай немғұрайлы қарай салу,

Бала санасында: өз ісінің бәрібір қате болатынын, үлкендерге тек кедергімді тигіземін деген ой қалыптасады.

Кейбір ата-аналар баланың жағаласпауы үшін немесе уақыттарын алмауы үшін тек материалдық жағын қамтамасыз етуге тырысады. Баланы тек әдемі, қызықты ойыншықтар сатып беріп, алдап отырады.

Міне, осыдан бала өз бөлмесінде тек ойыншықтармен ойнайды. Ата- анасы үйде бола тұрсада бала олардың бар екенін елемейді. Өйткені олар баламен бірге емес, әркім өз ісімен шұғылданады. Осындайда ата-анаға деген сезім, махаббатта болмайды.

Бір жағынан балаға шектен тыс көңіл аударып, еркелете берудіңде қажеті жоқ. Сондықтанда балалар ата-анасының қандай маңызды жұмыс атқаратындарын білулері керек. Мәселен: Егер анасы тамақ істегеннің орнына немесе кір жуудың орнына баламен бірге ойнап кетсе аш қалатындарын ақырын ақылмен ұғындыру.Ең бастысы –балаға айғайламай,қатты сөйлемей тек ақылмен ақырын ғана ұғындыру.

Бала ата – анасының қорғанышы,сүйіктісі болу керек. Осы өмірде өте мықты,ержүрек,ешкімнен қорықпайтын әкесінің бар екенін,және де өте мейрімді, ақылды анасының бар екенін сезінуі тиіс.

Әсіресе мектепке дейінгі балаларға ата – анасының көп көңіл бөлуі,жанұялық махаббат қолдаушылық көрсеткен өте маңызды.

Толық қанды бала болып өсуі үшін: Ішкі және сыртқы сезімдерінің тек бақытты жанұяда дамытуға болады. Егерде жанұяда махаббат,сүйіспеншілік,мейрімділік,өзара түсінушілік болған жағдайда ғана баланың ішкі және сырты сезімдері осы бақытты жанұяда толықтай жетіледі.

Бала тұйық болмау үшін үйге жиірек қонақтарды шақыруға тырысыңыз. Бала үшін басқа адамдармен,бөтендермен қарым – қатынас жасау тиімдірек. Баламен сөйлесіп олардың әңгімесін тыңдап, бірге ойнап,ата – ана баласына не қажет екенін неге өкпелегенін т.б. біле алады.Осы арқылы баланы өмірге деген сенімін туғызуға болады.

Көптеген балалар қиалдағанды ұнатады.Балаңызға мысал: «Кляксы» ойнын ұсыныңыз 5 – 6жастағы.Оны табиғатта да, жолда келе жатып аспандағы бір бұлтты көрсетіп оның неге ұқсайтынын сұрауға болады. Ойлану кезінде кедергі жасамай,өз ойын айтқызуға тырысыңыз .

Тек бір ғана сөзбен өз ойын аз білдірсе, оның қиялының дамымағанында. Егер ештеңеге ұқсата алмай,өз ойын, айтпаса,онда қиялы дамымаған немесе

сәтсіз уақытты таңдағаныңыз.

Тағы бір ойын «Ғажап аң» онда балаға « өмірде жоқ құсты немесе аңды сал- деу» керек.Көбінде балалар өз ойларын салады. Содан соң оның аты кім екенін, оның қайда мекендейтінін сұрап, жауабын алуға болады.

Балаға ертегілер айтып, оның мазмұнын есіне сақтатуға тырысыңыздар.Өзіне ертегіні құрату өте тиімді.

«Танысу» ойынын ойнатуға болады. Балаларды жаныңызға айналдыра отырғызып өздері жайлы бір – екі сөлем айтып берулерін сұрау.

Тұйық болудың тағы бір себебі : табиғи,туа біткен кемістіктің болуы. Мысалы: Көзі онша көрмеуі, толықтық т.б. Балаға ешқашан өз кемістігін айтып бетіне басуға болмайды. Керсінше кемістігінің бар екенін білдірмей , оны мадақтап отыру керек. Мысалы: Мен көзілдірік тағам, бірақ мен тапсырманы күшті орындаймын, мен толықпын бірақ балалармен маған көңілді.

Тағы « Мен кіммін?» , « Менің жақсы жақтарым және кемшілігім» деген сұрақтарды қою арқылы баланы білуге болады.

Мұндай ойынды тек балалармен ғана емес, сонымен қатар үлкен адамдарға да қоюға болады .

Мақсаты: Ұялмай өзінің кемшілік жақтарын, жақсы жақтарын ортаға айту.

Балаға адамдармен қарым – қатынас жасау мүлде зиян емес екенін, қорқатын ештеңе жоқ екенін айту.

Адамның ішкі сырын білу, соның ішінде өз балаңыздың ішкі сырын білу оңай емес . Ал оны дұрыс жолға тәрбиелеу ең қиын істердің бірі, ол үшін сіз қаншама шыдамдылығыңызды күшіңізді аямай төгесіз.

Баяндама: Балабақша мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты нығайту және балалардың дамуы мен тәрбиесіне бағытталған ұсыныстар

КіріспеҚұрметті ата-аналар мен әріптестер,

Бүгін біз бала тәрбиесі мен дамуына қатысты маңызды тақырыптарды талқылап, ата-аналар мен балабақшаның ынтымақтастығын нығайту жолдарын қарастырамыз. Баланың жан-жақты дамуы мен тәрбиесі ата-ана мен тәрбиешінің бірлескен әрекетінің нәтижесінде ғана жоғары деңгейде жүзеге асатыны белгілі. Сондықтан осы бағыттағы жұмысымыздың үйлесімділігі – біздің басты мақсатымыз.

1. Балабақша мен ата-аналардың ынтымақтастығының маңызы

1. Баланың тәрбиесінде бірізділік:

- Балабақшада алынған тәрбие мен үйдегі тәрбиенің бір-біріне сәйкес болуы маңызды.
- Бұл баланың өміріндегі тұрақтылық пен қауіпсіздік сезімін қалыптастырады.

2. Білім беру мен дамудағы үйлесімділік:

- Балабақшада берілетін білім мен ата-аналардың баламен үйдегі жұмысы баланың танымдық қабілеттерін арттырады.
- Баланың шығармашылық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

3. Баланың эмоциялық тұрақтылығы:

- Баланың отбасы мен балабақша арасында оң қарым-қатынас орнатуы оның өзіне деген сенімділігін арттырады.
- Бұл өз кезегінде баланың психологиялық тұрақтылығын нығайтады.

2. Балабақша мен ата-ана ынтымақтастығын нығайту жолдары

1. Ашық қарым-қатынас:

- Тәрбиешілер мен ата-аналар арасында сенімді және ашық диалог орнату қажет.
- Ата-аналармен тұрақты түрде кездесулер өткізу, баланың жетістіктері мен қиындықтарын талқылау.

2. Бірлескен іс-шаралар:

- Ата-аналарды балабақшада өткізілетін шығармашылық, спорттық, экологиялық және мерекелік шараларға тарту.
- Мысалы, *«Көктемнің сыйы» шығармашылық сағаты, «Табиғатты аяла!» экологиялық күні.*

3. Ақпарат алмасу:

- Баланың күнделікті дамуы туралы ата-аналарға ақпарат беру (күнделіктер, фотолар, хабарламалар арқылы).
- Балабақшаның тәрбиелік бағдарламалары мен әдістері туралы ата-аналарды хабардар ету.

4. Құндылықтарды үйлестіру:

- Тәрбиешілер мен ата-аналар балаға ортақ құндылықтар мен ережелерді үйретуі керек (әдептілік, мейірімділік, адалдық).

5. Семинарлар мен тренингтер ұйымдастыру:

- Ата-аналар үшін балаларды тәрбиелеу және дамыту тақырыптарында семинарлар өткізу.
- Мысалы, *«Баланың әлеуметтік бейімделуі: ата-ананың рөлі», «Балаға қолдау көрсету және сенімділікті арттыру».*

3. Балалардың дамуы мен тәрбиесіне бағытталған ұсыныстар

1. Танымдық дамуға қолдау көрсету:

- Баламен бірге кітап оқу, ертегілер айту.
- Ойын арқылы оқу дағдыларын дамыту (құрылымдаушылар, пазлдар).

2. Шығармашылықты дамыту:

- Баланың сурет салу, ән айту, би билеу, мүсін жасау сияқты қызығушылықтарын қолдау.
- Бірлескен шығармашылық жұмыстар ұйымдастыру.

3. Физикалық белсенділікті қолдау:

- Баланы қозғалыс ойындарына тарту, таза ауада серуендеуге уақыт бөлу.
- Спорттық іс-шараларға бірге қатысу.

4. Эмоциялық дамуға көңіл бөлу:

- Баланың эмоцияларын түсінуге және оны дұрыс жеткізуге үйрету.
- Баланы мақтап, оның өзін-өзі бағалауын қолдау.

5. Әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру:

- Баланың ұжымдағы әрекетіне көңіл бөлу, достарымен қарым-қатынас жасауға қолдау көрсету.
- Тәртіп пен жауапкершілікті тәрбиелеу.

6. Үлгі болу:

- Бала ата-анасынан тәртіпті, еңбекқорлықты, өзара құрмет пен мейірімділікті үйренеді.

4. Қорытынды

Бала тәрбиесінде ата-ана мен балабақшаның ынтымақтастығы – баланың жан-жақты дамуының негізі. Ата-ананың қолдауы, тәрбиешінің кәсібилігі және бірлескен іс-әрекеттер нәтижесінде бала өзін қоршаған ортада еркін, сенімді сезінеді және өз қабілеттерін толықтай жүзеге асыра алады. Барлығымыздың ортақ мақсатымыз – бақытты, білімді және тәртіпті ұрпақ тәрбиелеу.

Баршаңызға алғысымды білдіремін! □

Ата-аналар жиналысының хаттамасы №3

Тақырыбы: «Біз, бір жасқа есейдік» – Балалардың жыл бойы жеткен жетістіктерін талқылау

Күні: _26.05.2026__

Өткізу орны: Балабақша топ бөлмесі

Қатысушылар: Тәрбиешілер, ата-аналар, балалар

Қатысқаны:18

Қатыспағаны :7

Күн тәртібі:

1. Жиналысты ашу және кіріспе сөз.
2. Балалардың жыл бойы қол жеткізген жетістіктерін талқылау.
3. Балабақша жұмысы туралы ата-аналардың пікірлері.
4. Келесі оқу жылына ұсыныстар мен тілектер.
5. Қорытынды және марапаттау рәсімі.

Жиналыстың ашылуы:Тәрбиешінің кіріспе сөзі:

Тәрбиеші жиналысты ашып, жиналған ата-аналар мен балаларға алғысын білдірді. Жыл бойы балалардың жетістіктері мен ата-аналардың қолдауының маңыздылығы туралы айтты.

«Бұл жыл барлығымыз үшін қызықты әрі жемісті болды. Балаларымыз білімге, өнерге, қарым-қатынасқа қатысты көптеген жаңа дағдыларды игерді. Бүгін біз сол жетістіктерді бірге талқылаймыз.»

2. Балалардың жыл бойғы жетістіктері:

2.1. Физикалық даму:

- Балалардың қимыл-қозғалыс дағдыларының жақсаруы.
- Спорттық шараларға белсенді қатысуы (қозғалыс ойындары, жарыстар).

2.2. Танымдық даму:

- Балалардың жаңа тақырыптарды меңгеруі: әріптер, сандар, түстер, геометриялық пішіндер.
- Танымдық сабақтардағы белсенділік пен қызығушылықтың артуы.

2.3. Әлеуметтік дағдылар:

- Балалардың ұжымда қарым-қатынас жасауының жақсаруы.
- Достары мен тәрбиешілермен ашық әрі сенімді қарым-қатынас құруы.

2.4. Шығармашылық қабілеттер:

- Балалардың сурет салу, ән айту, би билеу және қолөнер жұмыстарына белсенді қатысуы.
- Жыл бойы ұйымдастырылған шығармашылық көрмелер мен іс-шараларға қосқан үлестері.

2.5. Балалардың ерекше жетістіктері:

- Әр баланың ерекше қабілеттері мен жетістіктері жеке атап өтілді.
 - Мысалы: *«Айдос математикалық тапсырмаларға ерекше қызығушылық танытты», «Айша шығармашылық жұмыстарда белсенділік көрсетті».*

3. Балабақша жұмысы туралы ата-аналардың пікірлері:

- Ата-аналар өз пікірлерімен және әсерлерімен бөлісті:
 - *«Біздің балаларымыздың белсенді түрде дамып жатқанына қуаныштымыз. Ұйымдастырылған іс-шаралар өте қызықты және тәрбиелік мәні зор болды.»*
 - *«Шығармашылық сабақтардың санын арттыру туралы ұсыныс бар.»*

Тәрбиешілер ата-аналардың пікірлері мен ұсыныстарын мұқият тыңдады.

4. Келесі оқу жылына ұсыныстар мен тілектер:

- Ата-аналар келесі оқу жылына қатысты өз ұсыныстарын айтты:
 - Экскурсияларды жиі ұйымдастыру.
 - Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін үйірмелер санын көбейту.
 - Әлеуметтік және танымдық тақырыптарға арналған қосымша сабақтар өткізу.
- Тәрбиеші барлық ұсыныстарды талқылап, оларды алдағы оқу жылында ескеретінін айтты.

5. Қорытынды және марапаттау рәсімі:

5.1. Марапаттау:

- Балалардың жетістіктері үшін әр балаға арнайы алғыс хаттар мен шағын сыйлықтар табысталды.
- Ата-аналарға бірлескен жұмыстар үшін алғыс айтылды.

5.2. Тәрбиешінің қорытынды сөзі:

«Бұл жыл барлығымыз үшін табысты болды. Сіздердің қолдауларыңыздың арқасында балаларымыз көптеген жетістіктерге жетті. Алдағы уақытта да бірлесе жұмыс істеп, балаларымыздың дамуына бар күшімізді саламыз. Баршаңызға алғысымды білдіремін!»

Хаттаманы толтырған:

Тәрбиеші: _____

Төрайымы: _____

Хатшысы: _____

Баяндама

«Отбасы мен балабақша»

Тәрбиеші: Саркулова Д.Т
Бұхарбаева Э

«Отбасы мен балабақша»

Тәрбие тал бесіктен басталады. Әке мейірімінен құрышын қандырып, ана сүтінен нәр алып, «Әке ұлағаты» мен «Ана тағылымын» көріп өскен ұрпақ

елін, жерін, халқын сүйетін, елінің болашағын, халқының қамын ойлайтын, жоғын жоқтайтын, парасатты, ой-өрісі кең, дүниетанымы жоғары, жан-жақты, білімді де білікті, ұлтжанды тұлға болып қалыптасады.

Қазіргі заманда оқыту мен тәрбиенің табысты болуы ата-аналардың тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне, мәдениетіне, ынтымақтастығына, отбасында бір-бірін түсінушілігіне, өзара қарым-қатынасына, көзқарастары мен мақсаттарының бірлігіне байланысты.

Тәрбие баламен сөйлесумен, әңгімелесумен, оған ақыл-кеңес берумен ғана шектелмейді. Тәрбие – тұрмысты дұрыс ұйымдастыра білуде, балаға әркімнің өз жеке басы арқылы үлгі-өнеге көрсетуінде. Отбасындағы бала тәрбиесі халық өмірімен, қоғамның мақсат-міндеттерімен байланысты болуы керек.

Адам баласы шыр етіп дүниеге келгеннен бастап, яғни, қоғамға, өзі- өсетін тіршілік ортасының мүшесі болады. Адам дүниеге келісімен өзі көріп отырған адамдардың іс-әрекетіне, қимылына, ас ішуіне, жүріс-тұрысына, сөйлеуіне, ойнауына, әңгімелесуіне таңдана қарап, өзі де сол көргендерді есту мақсатында әрекет жасайды. Осыған байланысты «Ұядан не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» – дейді халық. Сондықтан баланың ең әуелгі өсетін ортасы, отбасы тәрбиесіне өте терең көңіл бөлу керек. Егер отбасында жақсы тәрбие алған болса, өскенде сол тәрбиенің ізімен баруы сөзсіз. Отбасындағы барлық адамдардың іс-әрекетіне, бала тәрбиесіне бірінші әсер ететін орта. Бала сол ортаға қарап өседі. Сол үшін балаға отбасындағы тәрбиені қоғамдық ортаға байланыстыра отырып берген адам ұтады.

Баланың жақсылығын да, жамандығын да, жемісі мен жеңісін де көретін ата-анасы! Қай заманда болсын, ата-ананың басты арманы – баласының инабатты, ізетті, еңбексүйгіш, ержүрек, адал, қайырымды болуы. Соған өз балаларын тәрбиелейді. Баланың көп уақыты отбасымен бірге өтеді. Бала дүниеге келген күннен бастап ұлттық тәрбиені санасына сіңіре берсе, өсе келе бала зиянды нәрселерден аулақ болады. Сондықтан да, ата-ана балаға үңіле қарап, үнемі бақылап және қадағалап отыруы керек.

Тәрбиенің қиындықтары көп, сол қиындықтан қашпаған ата-ана ғана саналы тәрбие бере алады. Ол үшін баланың не істеп жүргенін, кіммен ойнайды, қай жерде жүргенін, тапсырманы қалай орындағаны сияқты жұмыстарын

қадағалап, түсіндіріп, жан-жақты тәрбие беру, оны әрі қарай дамыта білу керек. Отбасындағы өзара қарым-қатынастың дұрыс болуы, бала тәрбиесінде әке мен шеше рөлінің өте маңызды екені белгілі.

Тәрбие адам тағдырын шешетін ұлы іс. Ұлы істің бастау бұлағы, қайнар көзі – отбасы. Отбасындағы тағылым мен үлгі өнегенің, балабақшадағы тәлім тәрбиенің жүйелі бірізді жүргізулерінен бастау алатыны баршаға белгілі. Халқымыз: «Балаңа бес жасқа дейін патшандай қара» дегеннің терең мәні дәл осы кезде іске асатынын меңзесе керек.

Тәрбиенің түп тамыры – ұлтты қадірлеу, ұлттық әдет-ғұрыпты дамыту, ұлттық дәстүрді жандандыру, ұлтаралық достық қарым-қатынасты нығайтуға үйрету. Сабақ та, тәрбие де осы бағытта болса ғана баланы ортаға қарап тәрбиелеген боламыз, сонда ғана оның адамгершілігі қалыптасады. Адамды құрметтеуге тәрбиелеуіміз қажет.

Балабақшаға барғанда өз жасындағы балалармен бірге ойнайды, сөйлеседі. Бұл жерде тіл алғыш, айтқанды істемейтін, жылауық, сабырлы балалардың ортасына, яғни, аралас ортаға барады. Балабақшада осылардың әртүрлігіне мән беріп, жалпы ортақ тәрбие – адамгершілік тәрбиесі беріледі. Ол тәрбиешінің қатысуымен іске асады.

Қазір мектеп жасына дейінгі балалар бірыңғай бұрынғыдай тыңдаушы ғана емес, оқырман да. Мектеп жасына дейінгі балалардың бойында оқу қызметін меңгерту басты бағыты болып саналады. Ересек адам мектепке дейінгі балаға күшті педагогикалық әсер етеді, ол өзара әрекет үрдісінде кешенді әдістер мен тәсілдердің көмегімен танымдық белсенділікті қалыптастыруға, балалардың психикалық ойлау, қабылдау, ес, зейін, сөйлеуді, өзіне сенімділікті және ынталықты дамыта отырып, олардың белсенді танымдық іс-әрекетпен шығармашылыққа бой алуына көмектеседі.

Халқымыздың даналығында «Баланы жастан» деген сөз бар. Сондықтан тәрбиенің тал бесіктен басталатынын ескерсек, ата-бабадан келе жатқан ибалық пен инабаттылықты өзіміз түпкілікті түсініп, балаларымызға сол тәрбиенің нәрін сіңіре білсек, бұл қазіргі заманда бала тәрбиесіне қосқан біздің қомақты үлесіміз болып табылар еді. Еліміз егемендік алып, өз мәртебесі биіктей түскен шақта ең алғашқы алға қояр міндеттің бірі – бала

тәрбиесі – егеменді еліміздің болашағын жалғастырушы ұрпақ тәрбиелеу. Ал сол жас ұрпаққа тәрбие беретін бүгінгі тәрбиеші – мамандар тәрбиелеу мен білім берудің жаңаша жетілдірілген әдіс-тәсілдерін іздестіріп, күнделікті жұмыс барысында жаңашыл бағыттар қарастырып, оны өздерінің іс-тәжірбиесінде қолданып отырса, бала тәрбиесі алға басары сөзсіз. Бұл ойдың тармағы бүгінгі тәрбиешінің кәсіптік шеберлігінде, шығармашылық дамуына әкеліп соғады.

Бүгінгі қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген парасатты азамат тәрбиелеп өсіру—әрбір отбасының, балабақшаның, барша елдің міндеті. Осы міндетті орындауда мектепке дейінгі тәрбие мекемесі – балабақшаның рөлі өте зор. Әр үйдің кішкене балбөбектері білім ордасына дейін ата-анасының тәлімді тәрбиесімен қатар мейірімге толы ізгілікпен құшақ жайып, өнер,білімге баулитын балабақша саясында өсетіні анық. Бала біздің болашағымыз.Олай болса мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту баланың ғана емес, еліміздің де жарқын болашағының кепілі. Ол-үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы. Балабақшада бала тәрбие мен білімді ала отырып, шығармашылық мүмкіндіктерін іске асыра алады. Бұл жерде баланы жеке тұлға ретінде қалыптастыруда ойын түрлерін ұйымдастыру мен еңбексүйгіштікке тәрбиелеу бағыты жоғары нәтиже береді. Балалардың өзі-өзіне қызмет ету, үлкендерге көмектесуі олардың жеке тұлға ретінде дамуының көрсеткіші боп табылады. Балабақшаның мақсаты: Балаларды жалпыға міндетті білім беру стандартына сай оқыту мен тәрбиелеу, салауатты өмір салтын ұстанатын, денсаулығы мықты, парасатты да, инабатты ұрпақ тәрбиелеу.Әр баланы бүлдіршін кезінен адамгершілікке, имандылықпен мәдени-гигиеналық машықтарды қалыптастыруға, Отанын сүюге баулу. Мектепке дейінгі балаларға оқу қызметтерінен тыс дамыту формалары өз әсерін тигізеді. Әр түрлі мерекелік ертеңгіліктер бала сезіміне ерекше әсер ететін, оны игілікті мінез-құлыққа тәрбиелейтін қайырымдылық әрекеттерге бағыттайтын маңызды форма болып саналады. Қазіргі дамыған заманда ешбір жас ұрпақ білімсіз қалмауы керек, бүгінгі жас ұрпақ бойына білім нәрін сусындатып, алға қарай қызығушылығын арттыру басты міндетіміз. Бүгінгі жас ұрпақ ертеңгі ел болашағы, біз әрқашан заманауи білімді балаға беріп отырсақ, біздің балаларымыздың болашағы жарқын болмақ. Айта кетсек ЖШС «Премииум -Талғар» бөбекжай балабақшасында

балалардың жан-жақты тәрбиесіне,біліміне және шығармашылығын ашуға септігін тигізуде деп айта аламын. Балабақшамызда жыл бойына өткізілетін мерекелер, семинарлар, ашық оқу қызметтері яғни, «Тәуелсіздік күні»,«Жаңа-жыл мерекесі», «Аналар мейрамы», «Алтын күз», «Наурыз тойы», «Балабақшамен қоштасу», «9 мамыр Жеңіс күні» іс-шаралары т.б мерекелерді өткізу кезеңінде ән, тақпақ, би билеу балалардың рухани дамуына оның кемел жетілуіне, олардың бойына адамгершілік құндылықтардың терең тамыр жаюына ықпал етеді.Әрине, мұндай тәрбиелік шаралар, ертеңгіліктер үнемі ата-аналардың қолдауымен, қатысуымен өткізіледі. Балалардың ата-аналарымен тығыз байланыста болған жағдайда ғана талапқа сай жұмыстар жүргізуге болады. Осындай тәрбиелік іс-шараларды өткізе отырып, бала бойына жастай өз ұлтымыздың тәрбиесін қалыптастыратынымызға сеніміміз мол. «Жақсы өнеге көрсе бала бүгінде, еңбегімен қуантады түбінде» немесе «Ертең өзің қалмау үшін табаға, жақсы өнеге көрсете біл балаға» деген Жүсіп Баласағұн бабамыздың аталы да баталы сөзін бағдар етіп ұстансақ бала тәрбиесінде баршамыздың жоғарғы жетістіктерге жететінімізге ешкімнің күмәні жоқ. Келешекте олай болса, осы берілген тәрбие ұрпақтан ұрпаққа жалғасады.

**Жазғы демалыстың қауіпсіздігін ұйымдастыру —
ата-аналарға арналған кеңестер**

Жазғы демалыстың қауіпсіздігін ұйымдастыру — ата-аналарға арналған кеңестер

Жаз — балалар үшін ең қызықты уақыт, бірақ сонымен бірге ең қауіпті кезеңдердің бірі. Күннің ыстығы, су, жол, жәндіктер және басқа да қауіптер баланың денсаулығына зиян келтіруі мүмкін. Міне, ата-аналарға практикалық кеңестер:

1. Күн мен ыстықтан қорғану

- **Күннен қорғаныс кремі** (SPF 30 және одан жоғары) әр 2 сағат сайын жағыңыз, әсіресе суда жүргенде.
- Баланың басына қалпақ, көзін күннен қорғайтын көзілдірік кигізіңіз.
- 11:00-ден 16:00-ге дейін ашық күн астында ұзақ уақыт болдырмаңыз.
- **Сусызданудың алдын алыңыз** — баланы күніне кемінде 1,5–2 литр су ішуге үйретіңіз. Тәтті газдалған сусындарды шектеңіз.
- Белгілері: бас айналу, әлсіздік, құсу, терінің қызаруы болса — бірден салқын жерге алып, дәрігерге қаратыңыз.

2. Су қауіпсіздігі (ең маңызды!)

- Баланы **ешқашан жалғыз қалдырмаңыз** — тіпті 30 см тереңдікте де.
- Жүзе алмайтын балаларға құтқару жилеті міндетті.
- Өзен, көл, тоған жағасында үнемі қарап отырыңыз.
- Құтқару құралдары (жүзу шеңбері, құтқару жилеті) сапалы болуы керек.
- Баланы ерте жастан жүзуге үйретіңіз.

3. Көшедегі және жол қауіпсіздігі

- Кішкентай балаларды **ешқашан жалғыз сыртқа жібермеңіз**.
- Жол ережесін үйретіңіз: жаяу жүргіншілер өткелін, сигналды күтуді.
- Велосипед, самокат, ролик тебу кезінде **шлем және қорғаныс құралдарын** міндетті түрде кигізіңіз.
- Түнде немесе кешке сыртқа шыққанда жарық қайтарғыш киім киіңіз.

4. Үйде және аулада қауіпсіздік

- Терезелерге **қорғаныс тор** немесе блокатор орнатыңыз (әсіресе жоғары қабаттарда).
- Электр құралдарын, химиялық заттарды, дәрі-дәрмектерді баланың қолы жетпейтін жерге қойыңыз.
- Аулада ойнағанда ит-мысық, улы өсімдіктерге назар аударыңыз.

5. Жәндіктер мен аурулардан сақтану

- Комар, кене, арадан қорғайтын спрейлер қолданыңыз (балаларға арналған).
- Орманға, шөпті жерге барғанда ұзын жең киім киіңіз.
- Кененің шағуы байқалса — дереу дәрігерге барыңыз (энцефалит, боррелиоз қаупі бар).
- Қолды жиі жуыңыз, жемістерді мұқият жуыңыз.

6. Қосымша маңызды кеңестер

- **Баламен келісім жасаңыз:** телефон нөмірлеріңізді, мекенжайыңызды жаттап алуын талап етіңіз. Қауіпті жағдайда кімге қоңырау шалу керектігін айтыңыз.
- **Бейтаныс адамдармен сөйлеспеу** ережесін қатаң үйретіңіз.
- Жазғы лагерь немесе демалыс орны таңдағанда лицензиясы бар, қауіпсіздігі бақыланатын жерлерді таңдаңыз.
- Аптечка әрқашан қолда болсын (антисептик, бинт, күйікке қарсы дәрі, антигистамин).
- Баланың телефонында GPS бақылау (ортақ отбасылық локация) қосыңыз.

Ең бастысы: Баланың қауіпсіздігі — үздіксіз бақылау мен дұрыс тәрбиеде. Баламен ашық сөйлесіңіз, қорқынышты емес, бірақ сақтықты үйретіңіз.

Сіздің балаңыз қай жерде демалыс өткізеді (ауылда, қалада, теңізде, лагерьде)? Нақтырақ кеңес керек болса, айтыңыз, толығырақ көмектесемін!

Қауіпсіз және қызықты жаз болсын! ☀

Баяндама

«Отбасы мен балабақша»

Тәрбиеші: Саркулова Д.Т
Жұмабай Қ.Ж

«Отбасы мен балабақша»

Тәрбие тал бесіктен басталады. Әке мейірімінен құрышын қандырып, ана сүтінен нәр алып, «Әке ұлағаты» мен «Ана тағылымын» көріп өскен ұрпақ елін, жерін, халқын сүйетін, елінің болашағын, халқының қамын ойлайтын, жоғын жоқтайтын, парасатты, ой-өрісі кең, дүниетанымы жоғары, жан-жақты, білімді де білікті, ұлтжанды тұлға болып қалыптасады.

Қазіргі заманда оқыту мен тәрбиенің табысты болуы ата-аналардың тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне, мәдениетіне, ынтымақтастығына, отбасында бір-бірін түсінушілігіне, өзара қарым-қатынасына, көзқарастары мен мақсаттарының бірлігіне байланысты.

Тәрбие баламен сөйлесумен, әңгімелесумен, оған ақыл-кеңес берумен ғана шектелмейді. Тәрбие – тұрмысты дұрыс ұйымдастыра білуде, балаға әркімнің өз жеке басы арқылы үлгі-өнеге көрсетуінде. Отбасындағы бала тәрбиесі халық өмірімен, қоғамның мақсат-міндеттерімен байланысты болуы керек.

Адам баласы шыр етіп дүниеге келгеннен бастап, яғни, қоғамға, өзі- өсетін тіршілік ортасының мүшесі болады. Адам дүниеге келісімен өзі көріп отырған адамдардың іс-әрекетіне, қимылына, ас ішуіне, жүріс-тұрысына, сөйлеуіне, ойнауына, әңгімелесуіне таңдана қарап, өзі де сол көргендерді есту мақсатында әрекет жасайды. Осыған байланысты «Ұядан не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» – дейді халық. Сондықтан баланың ең әуелгі өсетін ортасы, отбасы тәрбиесіне өте терең көңіл бөлу керек. Егер отбасында жақсы тәрбие алған болса, өскенде сол тәрбиенің ізімен баруы сөзсіз. Отбасындағы барлық адамдардың іс-әрекетіне, бала тәрбиесіне бірінші әсер ететін орта. Бала сол ортаға қарап өседі. Сол үшін балаға отбасындағы тәрбиені қоғамдық ортаға байланыстыра отырып берген адам ұтады.

Баланың жақсылығын да, жамандығын да, жемісі мен жеңісін де көретін ата-анасы! Қай заманда болсын, ата-ананың басты арманы – баласының инабатты, ізетті, еңбексүйгіш, ержүрек, адал, қайырымды болуы. Соған өз балаларын тәрбиелейді. Баланың көп уақыты отбасымен бірге өтеді. Бала дүниеге келген күннен бастап ұлттық тәрбиені санасына сіңіре берсе, өсе келе бала зиянды нәрселерден аулақ болады. Сондықтан да, ата-ана балаға үніле қарап, үнемі бақылап және қадағалап отыруы керек.

Тәрбиенің қиындықтары көп, сол қиындықтан қашпаған ата-ана ғана саналы тәрбие бере алады. Ол үшін баланың не істеп жүргенін, кіммен ойнайды, қай жерде жүргенін, тапсырманы қалай орындағаны сияқты жұмыстарын қадағалап, түсіндіріп, жан-жақты тәрбие беру, оны әрі қарай дамыта білу керек. Отбасындағы өзара қарым-қатынастың дұрыс болуы, бала тәрбиесінде әке мен шеше рөлінің өте маңызды екені белгілі.

Тәрбие адам тағдырын шешетін ұлы іс. Ұлы істің бастау бұлағы, қайнар көзі – отбасы. Отбасындағы тағылым мен үлгі өнегенің, балабақшадағы тәлім тәрбиенің жүйелі бірізді жүргізулерінен бастау алатыны баршаға белгілі. Халқымыз: «Балаңа бес жасқа дейін патшандай қара» дегеннің терең мәні дәл осы кезде іске асатынын меңзесе керек.

Тәрбиенің түп тамыры – ұлтты қадірлеу, ұлттық әдет-ғұрыпты дамыту, ұлттық дәстүрді жандандыру, ұлтаралық достық қарым-қатынасты нығайтуға үйрету. Сабақ та, тәрбие де осы бағытта болса ғана баланы ортаға қарап тәрбиелеген боламыз, сонда ғана оның адамгершілігі қалыптасады. Адамды құрметтеуге тәрбиелеуіміз қажет.

Балабақшаға барғанда өз жасындағы балалармен бірге ойнайды, сөйлеседі. Бұл жерде тіл алғыш, айтқанды істемейтін, жылауық, сабырлы балалардың ортасына, яғни, аралас ортаға барады. Балабақшада осылардың әртүрлігіне мән беріп, жалпы ортақ тәрбие – адамгершілік тәрбиесі беріледі. Ол тәрбиешінің қатысуымен іске асады.

Қазір мектеп жасына дейінгі балалар бірыңғай бұрынғыдай тыңдаушы ғана емес, оқырман да. Мектеп жасына дейінгі балалардың бойында оқу қызметін меңгерту басты бағыты болып саналады. Ересек адам мектепке дейінгі балаға күшті педагогикалық әсер етеді, ол өзара әрекет үрдісінде кешенді әдістер мен тәсілдердің көмегімен танымдық белсенділікті қалыптастыруға, балалардың психикалық ойлау, қабылдау, ес, зейін, сөйлеуді, өзіне сенімділікті және ынталықты дамыта отырып, олардың белсенді танымдық іс-әрекетпен шығармашылыққа бой алуына көмектеседі.

Халқымыздың даналығында «Баланы жастан» деген сөз бар. Сондықтан тәрбиенің тал бесіктен басталатынын ескерсек, ата-бабадан келе жатқан ибалық пен инабаттылықты өзіміз түпкілікті түсініп, балаларымызға сол тәрбиенің нәрін сіңіре білсек, бұл қазіргі заманда бала тәрбиесіне қосқан біздің қомақты үлесіміз болып табылар еді. Еліміз егемендік алып, өз мәртебесі биіктей түскен шақта ең алғашқы алға қояр міндеттің бірі – бала тәрбиесі – егеменді еліміздің болашағын жалғастырушы ұрпақ тәрбиелеу. Ал сол жас ұрпаққа тәрбие беретін бүгінгі тәрбиеші – мамандар тәрбиелеу мен білім берудің жаңаша жетілдірілген әдіс-тәсілдерін іздестіріп, күнделікті

жұмыс барысында жаңашыл бағыттар қарастырып, оны өздерінің іс-тәжірбиесінде қолданып отырса, бала тәрбиесі алға басары сөзсіз. Бұл ойдың тармағы бүгінгі тәрбиешінің кәсіптік шеберлігінде, шығармашылық дамуына әкеліп соғады.

Бүгінгі қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген парасатты азамат тәрбиелеп өсіру—әрбір отбасының, балабақшаның, барша елдің міндеті. Осы міндетті орындауда мектепке дейінгі тәрбие мекемесі — балабақшаның рөлі өте зор. Әр үйдің кішкене балбөбектері білім ордасына дейін ата-анасының тәлімді тәрбиесімен қатар мейірімге толы ізгілікпен құшақ жайып, өнер, білімге баулитын балабақша саясында өсетіні анық. Бала біздің болашағымыз. Олай болса мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту баланың ғана емес, еліміздің де жарқын болашағының кепілі. Ол-үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы. Балабақшада бала тәрбие мен білімді ала отырып, шығармашылық мүмкіндіктерін іске асыра алады. Бұл жерде баланы жеке тұлға ретінде қалыптастыруда ойын түрлерін ұйымдастыру мен еңбексүйгіштікке тәрбиелеу бағыты жоғары нәтиже береді. Балалардың өзі-өзіне қызмет ету, үлкендерге көмектесуі олардың жеке тұлға ретінде дамуының көрсеткіші боп табылады. Балабақшаның мақсаты: Балаларды жалпыға міндетті білім беру стандартына сай оқыту мен тәрбиелеу, салауатты өмір салтын ұстанатын, денсаулығы мықты, парасатты да, инабатты ұрпақ тәрбиелеу. Әр баланы бүлдіршін кезінен адамгершілікке, имандылықпен мәдени-гигиеналық машықтарды қалыптастыруға, Отанын сүюге баулу. Мектепке дейінгі балаларға оқу қызметтерінен тыс дамыту формалары өз әсерін тигізеді. Әр түрлі мерекелік ертеңгіліктер бала сезіміне ерекше әсер ететін, оны игілікті мінез-құлыққа тәрбиелейтін қайырымдылық әрекеттерге бағыттайтын маңызды форма болып саналады. Қазіргі дамыған заманда ешбір жас ұрпақ білімсіз қалмауы керек, бүгінгі жас ұрпақ бойына білім нәрін сусындатып, алға қарай қызығушылығын арттыру басты міндетіміз. Бүгінгі жас ұрпақ ертеңгі ел болашағы, біз әрқашан заманауи білімді балаға беріп отырсақ, біздің балаларымыздың болашағы жарқын болмақ. Айта кетсек ЖШС «Премииум -Талғар» бөбекжай балабақшасында балалардың жан-жақты тәрбиесіне, біліміне және шығармашылығын ашуға септігін тигізуде деп айта аламын. Балабақшамызда жыл бойына өткізілетін мерекелер, семинарлар, ашық оқу қызметтері яғни, «Тәуелсіздік

күні», «Жаңа-жыл мерекесі», «Аналар мейрамы», «Алтын күз», «Наурыз тойы», «Балабақшамен қоштасу», «9 мамыр Жеңіс күні» іс-шаралары т.б мерекелерді өткізу кезеңінде ән, тақпақ, би билеу балалардың рухани дамуына оның кемел жетілуіне, олардың бойына адамгершілік құндылықтардың терең тамыр жаюына ықпал етеді. Әрине, мұндай тәрбиелік шаралар, ертеңгіліктер үнемі ата-аналардың қолдауымен, қатысуымен өткізіледі. Балалардың ата-аналарымен тығыз байланыста болған жағдайда ғана талапқа сай жұмыстар жүргізуге болады. Осындай тәрбиелік іс-шараларды өткізе отырып, бала бойына жастай өз ұлтымыздың тәрбиесін қалыптастыратынымызға сеніміміз мол. «Жақсы өнеге көрсе бала бүгінде, еңбегімен қуантады түбінде» немесе «Ертең өзің қалмау үшін табаға, жақсы өнеге көрсете біл балаға» деген Жүсіп Баласағұн бабамыздың аталы да баталы сөзін бағдар етіп ұстансақ бала тәрбиесінде баршамыздың жоғарғы жетістіктерге жететінімізге ешкімнің күмәні жоқ. Келешекте олай болса, осы берілген тәрбие ұрпақтан ұрпаққа жалғасады.

